

УДК 327.78

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ

Қайып Еңлік Серікқызы

enlik.kaiyp@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар мамандығының 1 курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Г.М. Какенова

Түркия мен Қазақстан арасындағы ресми байланыс 1990 жылдың желтоқсанында орнатылды. Бұл ұзақ уақыт бойы үзіліп қалған мәдени байланысты қайта жандандырды десекте болады. Халықаралық қатынасты дамыту жолында Қазақстан Еуропа мемлекеттеріне қарағанда Азия мемлекеттеріне жақын болып келеді. Олардың ішінде ең маңызды болып этномәдениеттік және тарихи маңызы бар мемлекет – Түркия мемлекеті. Екі елдің тығыз қарым-қатынасы туралы елбасымыз Н.Назарбаев: Қазақстан мен Түркия арасында шектесу нүктелері аз емес: географиялық жағынан қос мемлекетте Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде, этнография жағынан түрік-қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрі, тілдерінің ортақ бір түбірі бар екенін атап өткен болатын.

Екі түркі халықтары арасындағы тарихына жүгінсек, КСРО кезінде қос дербес елдің байланысы жүйелі тұрғыда болмады, тек бірен-саран ресми байланыстар ғана орнатылған еді. Бауырлас мемлекеттердің сонау ғасырдағы экономикалық, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастарының ұзақ тарихына қарамастан, байланысқа тыйым салынды. Оның үстіне, кеңес басшылығы Қазақстандағы панисламистік көзқарастардың күшеюінен қауіптеніп және Түркиядағы қазақ диаспорасының едәуір көптігін ескере отырып, оларды бір-бірінен оқшаулауға, өзара қарым-қатынастарының табиғи-логикалық сабақтастығын барлық жолдармен тежеуге тырысты. Бірақ ресми деңгейде мұндай тактика жүзеге асқанымен,

ғасырлар бойы тамыры терең қазақ және түрік халықтарының мәдени-рухани болмысын тоқтату мүмкін емес еді[1].

КСРО ыдырағаннан кейін қазақ халқы тәуелсіз және егеменді мемлекет болу мүмкіндігіне ие болды. Көп жағдайда жас мемлекетке барлығын нөлден бастауға тура келді. Бұл әсіресе, сыртқы саяси қызмет пен халықаралық қатынастарда көбірек рөл ойнады. Бұның барлығы бұрын Қазақстанның дербес сыртқы саясаты болмағандығынан және халықаралық қызметті тек КСРО-ның аясында ғана ұстанғандығынан туындаған жағдай. Тәуелсіздік алғаннан кейін Республиканың алдында оның әлемдік қауымдастықта алатын орны мен рөлі, стратегиялық басымдықтар, сыртқы саясатының принциптері мен бағыттарын айқындау, мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту секілді аса маңызды міндеттер тұрды. Реформаларды табысты жүзеге асырудың маңызды шарты Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі, барлық мүдделі мемлекеттермен екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамыту болды.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың бірегейлігі, ең алдымен, олардың саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың белсенді дамуына, ортақ тарихқа, мәдениетке, тілге негізделген. Сонау ғасырда бір-бірімен байланысын жоғалтқан қос мемлекет 20 ғасырдың аяғында үзілген қарым-қатынастарды қалпына келтіруге, ынтымақтастықтың барлық салаларында барлық деңгейлерде көпжақты байланыстар орнатуға мүмкіндік алды. Жаңа тарихи кезеңде Қазақстанға Түркиямен екіжақты негізде де, көпжақты деңгейде өзара іс-қимылда да көпқырлы ынтымақтастықтың әлеуетін толық пайдаланып, маңызды міндетті шешу шарттары тұрды. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін алдында даму болашағын айқындау, бағыттың жаңа түрін таңдау қажеттіліктері тұрды. Қазақстан Шығыс елдерімен де, Батыс мемлекеттерімен де қарым-қатынасты дамытуға мүдделі. Дегенмен, Қазақстанның қазіргі жағдайдағы басты міндеті елдегі экономикалық дағдарысты еңсеру және қоғамды табысты реформалау болып отыр. Түркияның 1980 жылдардағы саяси және экономикалық реформалар кезінде жинақтаған тәжірибесі оның пікірі әлемдік қауымдастықпен санасатын аймақтағы ең ықпалды мемлекеттер санатына кіруге мүмкіндік берді. Қазақстан еуразиялық мемлекет бола отырып, шын мәнінде екі өркениетке араласты. Бұл оның Еуропада модернизацияланған зайырлы мемлекет ретінде жылжып келе жатқан Түркия тәжірибесіне деген қызығушылығы мен тартымдылығын түсіндіреді [2].

Қазақстан - Азия мен Еуропаның тоғысқан жерінде, Орталық Азияның дәл ортасында орналасқан геосаяси орналасуы жағынан және экономикалық, әскери-саяси мүдделері жағынан аса маңызды мемлекет ретінде айқындалды. Қазақстанның сыртқы саясатының алдында экономикалық және саяси өзара іс-қимылдың аймақтық және субаймақтық құрылымдарына толық қосылуын қамтамасыз ету міндеті тұрды. Мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі қағидалары мен бағыттары нақты тұжырымдалып, айқындала бастады. Бұл, себептері біріншіден, халықаралық қатынастардың көпвекторлылығы мен теңдігі. Екіншіден, халықаралық ережелер мен нормалар саясатының жүйелілігі. Үшіншіден, әлемдік экономикалық, ақпараттық және мәдени кеңістікке интеграция міндеттемелері тұрды.

Сол бір алғашқы жылдары осындай қиын кезде, тәуелсіздігімізді енді алған шақта арада 15 минут өткенде ең алғашқы болып еліміздің тәуелсіздігін алғаш мойындаған Түркия мемлекеті болды. Содан бері бұл қарым-қатынастар тек қана өркендеп, қазақ-түрік ынтымақтастығы дамудың оң динамикасымен сипатталды. Арада бірнеше жоғары деңгейдегі кездесулер, ресми сапарлар өтті [3].

Түркия басшылығы тәуелсіз Қазақстанды Анкараның халықаралық аренадағы әлеуетті байыпты және аса маңызды аймақтық серіктесі ретінде қарастырды. Қазақстан-

түрік қарым-қатынастары құқықтық базаны қалыптастыру және ынтымақтастықтың бастапқы тәжірибесін жинақтау кезеңінен өтіп, оның негізгі бағыттары мен басымдықтарын тұжырымдай отырып, екі ел де өз әлеуетін іске асыра алатындығына көздері жетті. Қазақстан-түрік ынтымақтастығы кең және көп қырлы, Орталық Азия аймағында жетекші рөлдерді алады. Қазақстанның стратегиялық серіктесі жағынан Түркия біздің еліміздің шетелдік серіктестері арасында қарқындылығы мен деңгейі бойынша жетекші орындардың бірін алады. Айта кету керек, түрік-қазақ қарым-қатынастары айтарлықтай тұрақты дамып келеді тіпті, қазір сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан мен Түркия қатынастарының даму серпіні, өңірлік және халықаралық мәселелердің, энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық өзара іс-қимылдың көптеген мәселелері бойынша Нұрсұлтан мен Анкара мүдделерінің сәйкес келуі екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық сипатын көрсетеді. Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін мойындағалы бері Қазақстан мен Түркия арасындағы әртүрлі салалардағы ынтымақтастықтың барлық аспектілерін қамтитын 100-ден астам келісім-шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыты сауда-экономикалық қатынастар болып табылады. Бұл сала екіжақты ынтымақтастықтың жетекші бағыттарының бірі болып табылады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты тауар айналымының көлемі 8 млрд АҚШ долларын құрады. Қазіргі таңда Қазақстан мен Түркия тауар айналымын 10 миллиард долларға жеткізуді көздеп отыр. Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастарды кеңейтудің тиімді тетігі Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия (ҰАК) болып табылады. Қазақстан-түрік қарым-қатынастары стратегиялық және сенімді сипатқа ие және бұл біздің елдеріміздің кәсіпкерлеріне сенімнің ерекше нысанында экономикалық қарым-қатынастарды құруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Қазақстанда 1500-ге жуық түрік компаниясы, түрік капиталының қатысуымен кәсіпорындар, соның ішінде мұнай-газ секторы жұмыс істейді [4].

Екіжақты ынтымақтастықты дамытуда оң рөл атқара алатын маңызды факторлардың бірі Қазақстан мен Түркияның мәдени-тарихи қауымдастығы болып табылады. Мемлекетаралық келісімдерге сәйкес 1992 жылдан бері қазақстандық студенттер, аспиранттар мен докторанттар Түркияның жоғары оқу орындарында білім алуда, тағылымдамадан өтуде, ғылыми жұмыстар жүргізуде. Қазақстанның барлық ірі университеттерінде Түркиядан келген оқытушылар жұмыс істейді. Халықаралық қазақ-түрік университеттері соның ішінде –Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи университеті және Алматыдағы Сүлеймен Демирел атындағы университет, Жамбыл есеп-несие-экономикалық колледжі, республиканың барлық облыстарындағы қазақ-түрік лицейлері, «Достық» білім беру орталығы, Шахлан бастауыш мектебі. Екі ел арасындағы мәдени және ғылыми алмасулар жыл санап артып келеді. Түркиядағы Елшіліктің бастамасымен қазақ халқының ұлы тұлғаларына оның ішінде. Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Абылай хан, Қабанбай батыр т.б. ғұламаларымызға ескерткіштер орнатылған.

2012 жылы Кападокияның әйгілі туристік аймағы Невшехир қаласында қаланың басты көшелерінің біріне Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың есімі берілді. Сол жылы Невшехир провинциясында «Қазақстан» атындағы саябақ ашылды және Н.Назарбаевтың қатысуымен Киршехир қаласындағы Ахи Эвран университетінде «Қазақстан» атындағы аудитория бар.

Сонымен қатар, түрік тілінде дубляждалған қазақстандық «Балалық шағымның аспаны», «Қыз Жібек», «Тақпақты періште», «Көшпенділер», «Бәйтерек» көркем фильмдер бар. Қазақстан туралы түрік тілінде 9 деректі фильм түсіріліп, түрік телеарналарында

көрсетіледі. Бүгінде Түркияда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты «қазақ Ататүрік» деп атайды, осылайша Қазақстанның тұңғыш Президентінің мемлекеттік тәуелсіздіктің дамуындағы рөлі мен өзгерістерінің ауқымдылығын атап көрсетеді. Оның түркі тілдес елдердегі сөзсіз беделі мен көшбасшылығы жоғары деңгейде мойындалады.

Қазақстанда Нұрсұлтан қаласында қазіргі таңда Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке арнайы орнатылған ескерткіш бар. Бұл Ататүрік ескерткіші Түркияның сыртындағы алғашқы және жалғыз. Міне, мұның бәрі қос мемлекеттің тарихи өлшемдегі оқиға екенін көрсетеді. Екі ұлттың кең де достық, бауырластық пейілі. Өйткені, басқа елдің саяси көшбасшысына ескерткіш орнату немесе біріне көше атын бері кез келген мемлекеттің қолынан келе бермейді.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-Министрімен кездесуінде атап өткендей, «Біздің елдеріміздің тарихи өткені ортақ, тілдері, діні мен мәдениеті ұқсас. Бізде ұқсас құндылықтар жүйесі бар. Осы құндылықтарды ұстанатын және дамытқысы келетін қазақ және түрік азаматтарының көбеюі – бүкіл Еуразиядағы тұрақтылыққа қосылған үлесі деп білуге болады. Егемендігіміздің алғашқы күндерінен бастап біз бауырлас халықтарымызды жақындастыруға бар күш-жігерімізді салып келеміз. Осы жылдар бойы сіздердің еліңіздің басшылығымен тығыз жұмыс жасай отырып, біз Қазақстан мен Түркия арасындағы ұзақ жылдар бойы үзіліп қалған байланыстарды қалпына келтірдік. Түркияның Қазақстан үшін маңызы өте зор және біз ынтымақтастық саясатынан ешқашан бас тартпаймыз».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Токаев К,-Ж.К. «Под стягом независимости». - Очерки о внешней политике Казахстана. Алматы: Білім, 1997. – 736 с. [1,с-36].
- 2 Д.Р. Айтмағамбетов, М.Гиритлиоглу, Х.М. Тұрсұн «Қазақ-түрік байланыстары тарихының бастапқы дереккөздері» 2020ж
- 3 «Қазақстан – Түркия: достық және ынтымақтастықтың 20 жылы», оқулық, Анкара, 2012 жыл.
- 4 <https://adebiportal.kz/upload/iblock/e18/e18222f6a74e12a8286807798f6bb1e7.pdf>
- 5 Клышева А.М., Маслий Ю.С статья: «Исторический аспект развития казахстанско-турецких взаимоотношений на современном этапе» 2016. <https://articlekz.com/article/28391>